

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

Оқу ісі жөніндегі проректор

_____ **А.Қ. Хикметов**

« ____ » _____ **2020 ж.**

**«8D01701 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» МАМАНДЫҒЫ
БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша құрастырылды. Бағдарламаны профессор, филология ғылымдарының докторы А.Б.Темірболат, филология ғылымдарының кандидаты С.Дәрібайұлы дайындады.

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының мәжілісінде қаралған

№ _____ хаттама «___» _____ 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ А.Б. Темірболат

Филология және әлем тілдері факультеті әдістемелік бюросының мәжілісінде мақұлданды

№ _____ хаттама «___» _____ 2020 ж.

Әдістемелік бюроның төрағасы _____ Г. Оспанова

Ғылыми кеңестің мәжілісінде бекітілді

№ _____ хаттама «___» _____ 2020 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы,
факультет деканы _____ Ө. Әбдиманұлы

Ғылыми хатшы _____ Л. Әлімтаева

1. «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша қабылданатын емтиханның мақсаты мен міндеттері

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторантураға қабылдау емтиханының бағдарламасы «Әдебиет сын тарихы», «Абайтану», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазақ сөзі уәжділігін оқытудың негізділігі», «Қазақ тілінің функционалды грамматикасын оқыту әдістемесі», «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Әдебиет пәндерін оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары» тәрізді магистратурадағы пререквизиттік пәндер деңгейін ескере отырып жасалды.

Бағдарламадағы сұрақтар докторантураға түсушілердің әдебиеттану және эстетика, деректану, мәдениеттану, тіл білімі, философия сияқты аралас гуманитарлық білім салаларында жинаған білімі мен білігі, дағды-машығын анықтау мақсатымен құрылған.

Бағдарлама қазақ тілі мен әдебиетінің өзекті мәселелерін, оқытудың озық теориялық қағидаларын, даму бағыттарын басшылыққа алады.

Қабылдау емтиханы аралас, ауызша-жазбаша үлгіде алынады. Емтихан тапсырушы емтихан билеттерінің сұрақтарына қайтаратын жауабын тиісті жауап парақтарына жазып, емтихан қабылдаушы комиссияның алдында ауызша баяндайды. Апелляция жағдайында жауап парағында жазылған мәтіндер негізге алынады.

2. Докторантураға қабылданатын үміткерлердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Оқуға қабылданушы қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының түрлі салаларында докторлық дәрежеге ізденуші ретінде ғылыми бейімділік қалыптастыратындай жоғары деңгейдегі дайындығын көрсетуі қажет.

Сұрақтар кешені қазақ тілі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің ерекшеліктеріне сай тұжырымдалған. Оларды ашу оқуға түсушінің мынадай бағдарлардағы дайындық дәрежесін көрсетпек:

Оқуға қабылданушы қазақ тілі мен әдебиеттің жаңа бағыттары, басқа ғылымдармен байланысы, зерттеудің әдіс-тәсілдері, ғылым дамуының қазіргі жағдайы мен өзекті үрдістері бойынша білім-пайымын таныта алуы қажет. Сонымен бірге тіл мен әдебиет саласында биік деңгейде зерттеулер жүргізуін, қазіргі әлемдегі ғылым, қоғам өмірі туралы тұтас түсінігін, талдаудың дәстүрлі жаңа әдістемелерін меңгеруін, жаңа идеялар шығару мен оны тарата алуын, аталған мамандық негізінде докторантурада дайындауға байланысты міндеттерді шешуге даярлығы мен шығармашылық бастамасын көрсете білуі шарт.

3. Білім беру бағдарламасының алғышарттары

АТDTN 5205 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», 3 кредит, ТТDTN 5103 Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері, 3 кредит.

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні

1. Қазақ тілі тарихын жүйелеу.

Пәннің мақсаты, міндеті, зерттелу жайы, нысаны. Қазақ тілі тарихи грамматикасының сипаттама грамматикасынан ерекшелігі, салалары, басқа пәндермен байланысы.

2. Қазақ тілі дамуындағы негізгі кезеңдері.

Қазақ тілі грамматикалық құрылысының тарихи дамуын зерттеудің негізгі кезеңдерін жүйелеу. Зерттелуі және ғылыми көзқарастар. Көне қазақ тілі туралы.

3. Тарихи фонетиканың зерттеу объектісі, мақсаты, зерттелу тарихы.

Фонетикалық жүйенің негізгі ерекшеліктері. Қазақ тілінің фонетикалық сипатының өзгешелігі.

4. Көне түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстардың қазақ тіліндегі көріністері.

Көне түркі жазбаларындағы қатаң дыбыстар туралы. Көне түркі жазбаларындағы дыбыс тіркестері.

5. Дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тарихи өзгерістер.

Х-қ-к-ғ-г дауыссыздарының дамуы. *П-б-м; н-ң р-з; р-л* дыбыстарының өзгерісі туралы. Силлабофонемалар теориясы туралы.

6. Махмуд Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі туралы.

Қашқари еңбегіндегі дауыстылар жүйесі. *Ә* дыбысының тарихы. *Ә* дыбысының шығуы туралы көзқарастар. Орта ғасырдағы мұраларда *Ә* дыбысының кездесуі туралы.

7. Көне түркі тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі.

Көне түркі тіліндегі ерін дауыстылар. Көне түркі тіліндегі езулік дауыстылар. Созылыңқылар.

8. Қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктері.

Көне қазақ тіліндегі дауыстылардың негізгі ерекшелігі. Көне қазақ тіліндегі кейбір дауыстылардың ерекшелігі.

9. Сингармонизм заңдылығы.

Сингармониялық параллельдер мен варианттар. Көне қазақ тіліндегі екпін мәселесі мен қазіргі екпін туралы көзқарастар. Буын, оның түрлері.

10. Тарихи лексикология.

Зерттеу нысаны, салалары, зерттелуі. Сөздің лексикалық жүйедегі орны, лексикалық мағына, сөздің пайда болуы, дамуы, қолдану қабілеттілігі.

11. Сөз мағынасының өзгеру жолдары.

Ескерткіштердегі сөздік қор мен сөздік құрамды анықтау. Сөздің ішкі семантикалық құрылымы мен этимологиясын анықтаудың жолдары. Қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне тән ортақ лексикалық қабат.

12. Тұрақты тіркестердің тарихы дамуы туралы.

Еркін тіркес пен тұрақты тіркестердің мағыналық байланысы. Тұрақты тіркестің тарихи дамуын мысалдармен дәлелдеу. Қашқари, Баласағуни, Қ.Жалаири еңбектеріндегі тұрақты тіркес. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің пайда болу, қалыптасу тарихы. ФТ-ның еркін тіркестер арқылы қалыптасатынын көрсету. ФТ дамуы туралы ғылыми пікірлер.

13. Синонимдік, антонимдік сөздердің қалыптасуындағы заңдылықтар.

Синонимдердің қалыптасуы. Антонимдердің қалыптасуы. Көне түркі тіліндігі бір буынды сөздердің көпмағыналылығы. Көпмағыналылық туралы. Көне түркі жазбаларындағы сөздердің көпмағыналылығы, деректер келтіру.

14. Этнолингвистиканың негізгі мәселелері, мақсаты, зерттелуі.

Көне қыпшақ ескерткіштері, зерттелуі. “Кодекс куманикус”, “Дана Хикар сөзі” лексикасы. Махмут Қашқари еңбегіндегі топонимдердің берілуі. Көне қыпшақ тіліндегі кісі атаулары (мұрағаттар негізінде) Көне қазақ тіліндегі сөздіктер.

15. Қазақ тілінің тарихи сөзжасамы.

Нысаны, өзге пәндермен байланысы. Сөзжасамның негізгі заңдылықтары туралы. Түркологияда және қазақ тіл біліміндегі зерттелуі.

16. Сөзжасамның негізгі ұғымдары.

Туынды сөз. Сөзжасамдық ұя мен сөзжасамды мағына, қалып, тип, тізбек т.б. Сөзжасам мен номинация теориясы. Сөзжасам мен негіздеме.

17. Фонетикалық сөзжасам.

Дыбыстық сәйкестіктердің нәтижесінде пайда болатын атаулар. Фонетикалық қалыптар.

18. Конверсиялық сөзжасам.

Функционалдық мағынаның дамуы. Конверсия және синкретизм. Лексикалану процесі. Байырғы сөздердің жаңа мағынаға ие болуы.

19. Синтетикалық сөзжасам.

Сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық сипаты. Парадигматикалық және синтагматикалық қатыстылығы. Негіздің мотивтенуі. Туынды сөздің мағынасындағы ортақ сема. Негізділік мәселесі.

20. Аналитикалық сөзжасам.

Екі сөздің қосылу, бірігу, қосарлану арқылы жасалатын туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі. Олардың ішкі мағыналық табиғаты, сыңарларының сөзжасамға қатыстылығы.

21. Тарихи морфология.

Зерттеу нысаны, мақсаты, зерттелу тарихы. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның тарихи қарым-қатынасы, даму сипаты. Тіл дамуындағы заңдылықтардың сөздің морфологиялық құрамына тигізетін әсері.

22. Морфемалар тарихы.

Түбір морфема және қосымша морфема. Этимон-түбірлердің сипаты. Буын дамуы – сөз мағыналарының дамуы. Түбірлер дамуының кезеңі. Ішкі флексия мәселелері. Түбірдің тектік бірлігі мен жақындығы.

23. Түбірлердің грамматикалық тұлғалары мен олардың түрленуі.

Сөздердің грамматикалық таптарға жіктелуі туралы пікірлер. Грамматикалық категориялардың қалыптасу тарихы. Ескерткіштердегі сөз таптарының жалпы сипаты.

24. Зат есімнің даму тарихы мен грамматикалық тұлғалары.

Зат есім мен етістіктің мағыналық тектестігі. Э.В. Севортянның этимологиялық сөздігі, етістік, зат есім туғызушы аффикстердің тарихы туралы. Зат есімнің тәуелдік, септік, көптік жалғауы туралы. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі зат есім мен оның жалғаулары. Көне түркі мұраларындағы зат есімнің сипаты.

25. Сын есім мен сан есімнің, есімдіктің мағыналық дамуы.

Сын есім тудырушы жұрнақтар, сын есімдердің қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық сипаты. Сын есім туғызушы жұрнақтар. Сандардың шығуы туралы пікірлер, зерттелуі. Сан есімдердің этимологиясы туралы көзқарастар. Қасиетті сандар тарихы – 1, 3, 7, 9, 40 деген сандар. Көне

ескерткіштерде сан есімнің көрінісі, санау үлгілері, грамматикалық тұлғалануы. Есімдіктің даму тарихы мен қалыптасу жолдары. Сілтеу, жіктеу есімдіктерінің тектестігі. Сұрау, белгісіздік, топтау есімдіктерінің тарихи дамуы.

26. Етістіктің сөз табы ретіндегі даму жүйесі.

Етістік пен зат есімнің байланысы туралы көзқарастар. Етістіктің қалыптасуындағы қимыл есімнің қызметі мен маңызы. Етістіктің грамматикалық формалары. Тұлғалық және мағыналық күрделілігі. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі салт және сабақты етістік. Болымды және болымсыз етістік. Есімшенің тұлғалық, мағыналық сипаты. “Дивани луғат ит түрк” еңбегіндегі көсемше тұлғалардың көрінісі. Көсемше тұлғаларының тұлғалық сипаты. Көсемше тұлғаларының мағыналық сипаты. Рай тұлғаларының дамуы.

27. Көне қыпшақ тіліндегі үстеулер.

Үстеулердің дамуы. Көне қыпшақ тіліндегі үстеулердің қалыптасуындағы септіктердің рөлі. Еліктеуіш сөздер мен көмекші сөздер, олардың пайда болу, қалыптасу жолдары.

28. Тарихи синтаксистің зерттелуі.

Көне түркі тіліндегі сөз тіркестерінің сипаты. Көне түркі тіліндегі есімді сөз тіркесі. Көне түркі тіліндегі етістікті сөз тіркесі. Сөз тіркесінің даму бағыттары. Көне түркі тіліндегі матаса, қабыса байланысу. Түркі изафеті туралы. Түркі изафеті туралы Майзель пікірі. Көне түркі тіліндегі меңгеру мен оның зерттелуі. Көне түркі тіліндегі меңгерудің сипаты. Е.Ағманов пікірі. Меңгеру жасаудағы септіктің рөлі.

29. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің дамуы.

Жай сөйлемнің түрлері. Есімді жай сөйлемдер, етістікті жай сөйлемдердің дамуы. Сөйлемдердегі сөздің орын тәртібі. Көне қазақ тіліндегі сөйлемнің сипаты. Жазба нұсқалардағы атаулы сөйлемдер.

30. Құрмалас сөйлемнің дамуы.

Құрмалас сөйлем түрлері. Құрмалас сөйлем типінің қолданыс жүйесі. Құрмалас сөйлемнің тарихы туралы ғылыми пікірлер. Н.Т. Сауранбаев, С.Аманжолов құрмалас сөйлемнің тарихы туралы.

«Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні

1. Әдебиетті дәуірлеу мәселелері.

Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар (б.з.б. VII – б.з. IV ғ.). Сақ, ғұн дәуірлеріндегі әдебиет. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Оғыз қағанаты дәуіріндегі әдебиет және «Оғыз нама». «Қорқыт ата кітабы». Зерттелуі.

2. Ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлер.

Жүсіп Баласағұнидың, Махмұт Қашқаридың, Қожа Ахмет Ясауидың, А.Иүгінекидің мұрасы.

3. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет.

«Қисса Жүсіп», «Жүмжұма» дастандары. Сайф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» дастаны. Тынтума әдебиет және Хорезмидің «Мұхаббат-нама» дастаны. Құтыб ақынның «Хұсрау-Шырын» дастаны. Рабғузидің «Қисас-ул әнбия» ескерткіші.

4. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы.

Жыраулар мұрасының қазақ әдебиетінен алар орны. Жыраулардың толғауларындағы қазақ хандығының құрылуы, ел тағдырына қатысты деректер. Жыраулар поэзиясына қатысты зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар.

5. XVIII ғасырдағы қазақ билері және қазақ әдебиеті.

Қазақ қоғамындағы билер институтының маңызы. Төле би Әлібекұлының, Қазыбек би Келдібекұлының, Әйтеке би Бәйбекұлының алқалы жиындарда, ел басына күн туған, шапқыншылығы мен жаугершілігі мол замандағы билік сөздері. Билердің кісілік, шығармашылық тұлғасын таныту мақсатында Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, А.Нысаналы, Ж.Дәдебаевтар жазған еңбектердің, Х.Сүйіншәлиев зерттеуінің мәні мен маңызын зерделеу.

6. XIX ғасырдағы сал-серілер.

Ән өлең. Өнерпаздық, сыршылдық ағым. XIX ғасырдағы сал-серілік өнер дамуының тарихи алғышарттары.

7. XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері.

Сүйінбай Аронұлының айтыстары. Біржан-Сара айтысы туралы тұжырымдар. Шөже мен Кемпірбай айтысы.

8. Зар заман поэзиясы.

М.Әуезовтің зар заман поэзиясына қатысты ғылыми тұжырымдары. Шортанбайдың әдеби мұрасы. Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасы. Мұрат Мөңкелының әдеби мұрасы туралы Х.Сүйіншәлиевтің, Қ.Сыдиықовтың пікірлері

9. Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жыраулық поэзия.

Махамбет өлеңдерінің көркемдік сипаты. Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр тұлғасы.

10. XIX ғасырдағы бостандық күрес жырлары. Тарихи өлең. XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарын. Мәделіқожа, Майлықожа ақындардың ел мен жер тағдырына, Қоқан, Хиуа билешілеріне қарсы наразылық туындылары.

11. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер. Шоқанның халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеудегі рөлі.

12. Ыбырай Алтынсарин - ағартушы-педагог ғалым. Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер. Ыбырай Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің маңызы.

13. XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет. Абайдың әдеби мұрасы. Абайдың ел билеушілеріне сыни тұжырымдары. Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалығы туралы А.Байтұрсынов, Ғ.Сағди, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, т.б. ғалымдардың пікірлері. Абай ақындығының айналасы. Абайдың алдындағы қазақ поэзиясы. Ол үйренген ақындық мектеп. Дулат және Абай. Абай және Шығыс. Абайдың өлең құрылысына, ақындық әлеміне Шығыс әсері. Абайдың қазақ өлеңіне Европа үлгісін енгізуі. Абай және орыстың классикалық әдебиеті.

14. Абайдың ақындық мектебі. Абайтанудағы Абай ақындығының айналасы, Абайдың ақындық дәстүрі ұғымдарын айқындай, ажырата түсу қажеттігі. Осы орайдағы М.Әуезов, Ғ.Сағди, С.Мұқанов, Қ.Мұхаматқанов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, т.б. ғалымдардың пікір-түйіндері.

15. Абайдың дастандары.

«Ескендір» поэмасының тақырыптық-идеялық мәні. Абай дастандарының көркемдік ерекшеліктері.

16. Абайтану.

М.Әуезов және абайтану. С.Мұқановтың абайтанудағы зерттеулері. Қ.Жұмалиевтің Абай поэзиясының тілін, жаңа түрін зерттеуі. С.Қирабаев,

Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, А.Нұрқатов, Ж.Ісмағұлов, т.б. ғалымдардың абайтанудағы еңбектері.

17. XIX ғасыр әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі.

Әдеби мұраны бағалау жайлы 1957 жылғы партия қаулысы. XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы.

18. XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет және қоғамдық-әлеуметтік жағдай.

Алаш зиялылары және оқу-ағарту, мектеп, баспасөз, баспа ісі т.б. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар.

19. XX ғасыр басындағы жанрлардың даму үдерісі.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров және діни-ағартушылық бағыт. XX ғасырдағы көркемдік әдістер. Шәкәрім шығармашылығының жанрлық сипаты және көркемдік.

20. XX ғасыр басындағы ағартушылық идея.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығындағы ағартушылық идея. Ақын шығармашылығындағы әлеуметтік өмір шындығы. М.Сералин, Т.Жомартбаев шығармашылығындағы ағартушылық-демократтық көзқарастар. С.Көбеев, М.Сералин, С.Дөнентаев т.б. шығармашылығындағы кезең шындығының бейнеленуі.

21. Алаштың азатшыл әдебиеті.

Ахмет Байтұрсынов шығармашылығындағы азатшыл рух. Ахметтің «Қырық мысал», «Маса» еңбектерінің маңызы. Ж.Аймауытов – проза жанрының шебері. «Бақытсыз Жамал» - тұңғыш роман. М.Жұмабаев – азатшыл ойдың, сұлу сезімнің жыршысы. Жүсіпбек, Мағжан прозасының көркемдік әлемі.

22. Қазақ кеңес прозасындағы замана шындығы.

Мұхтар Әуезов, Сағтар Ерубәев, Смағұл Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин және т.б. кеңестік қаламгерлер шығармаларының идеялық-тақырыптық ерекшелігі және жаңашылдық.

23. 1960-1990 жылдардағы қазақ прозасы.

Тақырып, жанр мәселесінің даму ерекшеліктері. Әлеуметтік-философиялық, психологиялық, публицистикалық, лирикалық, хроникалық, биографиялық, документальды проза түрлері. 1960 жылдар прозасының тақырыптық жанрлық сипатының даму, өркендеу ерекшелігі. Роман жанрының дамуы. Тарихи тақырыптың белең алу көріністері. Шығармашылық ізденістер сипаты. Әлемдік әдебиетпен байланысы. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық характер сомдау проблемасы.

24. Қазақ қаламгерлерінің ізденістері.

М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, Х.Есенжанов, І.Есенберлин, З.Шашкин, С.Жүнісов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Б.Соқпақбаев, С.Мұратбеков, С.Шаймерденов, Б.Нұржекеев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, О.Бөкей, Д.Исабеков, Т.Нұртазин, Т.Нұрмағанбетов, Т.Әбдіков, т.б. басты еңбектері, көркемдік жүйесі. Көркем туындылардағы адам әлемі, кейіпкер бейнесі. Алпысыншы жылдардан кейінгі прозадағы ұлттық мінез сомдаудағы ерекшеліктер.

25. Балалар әдебиеті.

Қазақ әдебиетіндегі балаларға арналған шығармалар. Сапарғали Бегалин, Қалмақан Әбдіқадіров, Өтебай Тұрманжанов, Мұзафар Әлімбаев, Бердібек Соқпақбаев, Сансызбай Сарғасқаев, Өтепберген Ақыпбеков т.б. сияқты ақын-жазушылардың баланың ішкі жан дүниесін, психологиясын берудегі шеберлігі.

26. Қазақ повесі және әңгіме жанры.

Повесть және әңгіме жанрының даму ерекшеліктері. Повесть және әңгімелердегі замана шындығын көрсету проблемасы. Тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық жаңалықтар.. Өмір-уақыт сырлары. Адам мен оның еңбегінің көрінуі. Образ жасау жолдары. Адам мұраты мен тағдыры. Кезең көріністері. Руханият бедері.

27. 1960-90-шы жылдардағы қазақ поэзиясы.

Қазақ поэзиясындағы тақырыптық-идеялық, көркемдік бітімі. 1960 жылдардан кейінгі кезеңдегі Ұлы Отан соғысы тақырыбының қазақ поэзиясында жырлану сипатымен қатар кеңес адамдарының отаншылдық сезімі, ғарышты игеру, халықтар достығы, адамгершілік, мораль, этика мәселелері кеңінен жырланды. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүр мен діни тақырыптағы өлеңдер жазыла басталды. Әдебиетке 60-шы жылдары қосылған ақындар поэзиясының ерекшелігі. Поэзиядағы тақырып, жанр проблематика мәселелері. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы және жаңашылдық. 1960 жылдар поэзиясындағы лириканың даму ерекшелігі. Эпикалық жанрдың даму сипаты. Ақындық өнер. Жанр табиғаты. Ізденіс арналары.

28. 1960-90-шы жылдардағы драматургия.

Драматургиядағы идеялық бағыттар мен тақырыптық ізденістер. Драмалық тартыс пен типтік образ жасау жолындағы тенденциялар. Тақырып төңірегіндегі саяси шектеудің зардаптары. Драматургиялық жанр табиғаты. Психологиялық, қаһармандық драманың өркендеуі. Қ.Мұхаммеджанов – драматург. Қ.Мұхаммеджановтың шығармашылық өмірбаяны. "Бөлтірік бөрік астында", "Қуырдақ дайын", "Құдағи келіпті" пьесаларының

тақырыптық сипаты, жанрлық құрамы, сюжеттік желісі. Комедиялық мінездері мен ситуациялар, мотивтер. "Көктебедегі кездесу", "Біз періште емеспіз" пьесалары. Образдар жүйесі, тартыс табиғаты.

29. 60-90-шы жылдардағы әдебиеттану ғылымы.

Әдебиеттану ғылымының теориялық және методологиялық жағынан өсіп өркендеуі. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясының жеке ғылым салалары ретінде қалыптасып, дамуы. 80-ші жылдардың аяғында әдебиетімізге қайта оралған "Алаш ұранды" әдебиеттің зерттелуі. Әдебиеттану ғылымының даму жолдары. Сын жанры.

30. Қазіргі қазақ әдебиеті дәстүр мен жаңашылдық.

Қазіргі поэзияның көркемдік тұтастығы мен бейнелеу құралдарының қолданылу ерекшелігі. Тәуелсіздік тұсындағы прозалық шығармалардағы ұлттық құндылықтар мәселесі. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық ізденістер. Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм. Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургия жанры. Театр және уақыт. Тәуелсіздік жылдарындағы сын жанрының дамуы және қазақ әдебиетінің зерттелуі.

«Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі» пәні

1. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі пәнінің мәні мен міндеттері.

Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттелуі, оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Қазақ тілі оқыту әдістемесінің мақсаттары. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің нысаны мен мазмұны.

2. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі ғылымының методологиялық – теориялық негіздері.

Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері. Зерттеудің теориялық әдістері. Студенттердің психологиясы: ұлттық, әлеуметтік, кәсіби сипаттама.

3. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі ғылымының басқа ғылымдармен байланыстылығы.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің психология, педагогика, логика, философия ғылымдармен байланысы. Салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасау.

4. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу, даму жолдары.

Қазіргі қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеушілер мен олардың бағыттарын талдау. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі

5. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесінің ұстанымдары.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары: а) Қазақ тілін оқытудың ғылымилық ұстанымы; ә) Жүйелілік ұстанымы; б) Көрнекілік ұстанымы; в) Саналылық пен белсенділік ұстанымы; г) Тереңіні практикамен байланыстыру ұстанымы; д) Түсінуге жеңіл қолайлылық ұстанымы; е) Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымы.

6. Жоғары мектепте қазақ тілін дебат технологиясы арқылы оқытудың ерекшелігі.

Дебат технологиясының негізгі түсінігі мен басты құндылықтары. Дебат технологиясын өткізудің тиімді әдісі. Дебат технологиясын қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту жолдары.

7. Жоғары мектепте қазақ тілі пәндерін оқыту формалары.

Қазақ тілін оқыту бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешен және оның құрылымы. Білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі құжаттар. Қазақ тілін оқыту үрдісінің түрлері.

8. Қазақ тілі пәндері бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

Қазақ тілі және әдістемесі пәндері бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаты.

9. Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары. Өздік жұмысты ұйымдастырудың түрлері. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Студенттердің өзіндік жұмыстарын басқарудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары.

10. Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытудағы мемлекеттік саясат принциптері.

Білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі құжаттар. Мемлекеттік білім беру стандартының атқаратын функциялары. Қазақ тілі пәні бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешен.

11. Қазақ тілін инновациялық технологиялар арқылы оқыту.

Қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудағы инновацияның рөлі. Оқу жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық бағыттар.

12. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытуға арналған дидактикалық технологиялар.

Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің түрлері. Дидактикалық әдістер және оларды классификациялау туралы көзқарастар. Техникалық құралдармен жұмыс істеу әдісі.

13. Жоғары мектепте қазақ тілін өнімді оқыту.

Жоғары мектепте қазақ тілін өнімді оқыту принциптері. Оқытудың өнімді нұсқалары (варианттары). Зерттеу әдісі, мәселелік жағдай, мәселелік жағдайды талдау әдісі, мәселе шешімінің дұрыстығын тексеру, т.б.

14. Тіл мәдениеті және оны оқыту әдістемесі.

Студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Тілдік қарым- қатынас. Тілдік таным теориясы. Тілдік тұлға теориясы. Студенттердің жеке танымдық стилін қалыптастыру.

15. Тілді жоғары мектепте қазақ тілін оқытуда онлайнды қолдану ерекшеліктері.

Қазақ тілін оқытатын онлайн курстар. Қазақ тілін оқытуда онлайнды қолдану ерекшеліктері. Онлайн сабақтардың түрлері. Оқу үрдісінде онлайн курстарды қолдануға қойылатын талаптар.

16. Стилистиканы оқыту әдістемесі.

Стильдік норма және оны оқыту әдістемесі. Стилистиканы оқытудың мазмұны, мақсаты, міндеттері. Ғылыми стиль. Ғылыми стильге қойылатын талаптар. Ғылыми еңбектерді семантика-стилистикалық талдау әдістемесі.

17. Жоғары мектепте фонетикасы оқыту әдістемесі.

Жоғары мектепте фонетикасы оқыту мәселесіне қатысты зерттеулер. Жоғары мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фонетиканы оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Фонетикалық талдау. Фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлері. Фонетикалық диктанттар.

18. Жоғары мектепте қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқыту әдістемесі.

Қазақ тілінің жүйесін құраушы кіші жүйе ретіндегі лексиканы және аралық деңгей фразеологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері. Лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс – тәсілдер жүйесінің ерекшеліктері. Фразеологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фразеологияны меңгерту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту. Фразеологияның жасалу жолдарын көрсету.

19. Сөзжасамды оқыту әдістемесі.

Сөзжасамды сөз таптарымен, орфографиямен, тіл мәдениетімен және стилистикамен байланыстыра оқыту жолдары. Сөзжасам әдістемесі. Сөзжасамға арналған жаттығулар. Сөзжасамды оқытуда көрнекі, техникалық құралдарды, сөздіктерді пайдаланудың тиімділігін көрсету.

20. Грамматиканы оқыту әдістемесі. Морфологияны оқыту әдістемесі.

Жоғары мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Жоғары мектепте оқытылатын грамматикалық ұғымдар жүйесі мен оларды меңгерту әдістерінің жүйесі. Жоғары мектепте морфологияны оқытудың жалпы білім берудегі практикалық маңызы. Морфологияны оқытудың ұстанымдары.

Негізгі морфологиялық ұғымдар жүйесі

21. Жоғары мектепте синтаксисті оқыту әдістемесі.

Жоғары мектепте қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі. Қазақ тіл ғылымының синтаксис жөніндегі зерттеулері. Синтаксисті оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау. Синтаксисті оқытуға байланысты жүргізілетін негізгі жұмыстардың, жазба жұмыстарының, жаттығу жұмыстарының түрлерін белгілеу.

22. Сөз тіркесін оқыту әдістемесі.

Сөз тіркесінің коммуникативтік бірлік – сөйлем құрау материалы екендігі. Сөз тіркесінің құрамы мен сөз тіркесінің түрлері. Сөз тіркесін өзіне ұқсас тұлғалармен салыстыра беру, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айырта алуға үйрету. Сөз тіркесінің жасалуындағы синтаксистік байланыстар мен синтаксистік қатынастарды танудың алатын маңызды орнын көрсету.

23. Жай сөйлемді оқыту әдістемесі.

Жай сөйлемнің зерттелуі. Жай сөйлем жасалуындағы синтаксистік байланыстар. Жай сөйлемнің құрылымдық – мағыналық жүйесі және оны меңгерту әдістемесі. Жай сөйлемнің мағыналық түрлері. Жай сөйлемді талдау.

24. Сөйлем мүшелерін оқыту әдістемесі.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және олардың сөйлемнің қызметін атқаруын ұғындыру жолдары. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері және А.Байтұрсынұлының сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін оқыту әдістемесі. Сөйлем жасалымындағы сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің комбинаторлық ауысудың атқаратын мағыналық қызметін талдау әдістемесі.

25. Қазақ тілін оқытудың мақсаттары.

Қазақ тілі оқыту мақсаттары үш тобы. Білім беру мақсаттары. Тәрбиелік мақсаттар. Студенттердің когнитивтік құзыреттілігін қалыптастыру

26. Модульдік оқыту жүйесі арқылы тіл дамыту.

Модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдану. Модульдік оқыту технологиясының мазмұны. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы. Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы.

27. Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі.

Құрмалас сөйлемнің құрылымдық - мағыналық жүйесі туралы зерттеулер. Салалас құрмалас сөйлемді оқыту. Сабақтас құрмалас сөйлемді оқыту. Құрмалас сөйлемді талдау әдістемесі.

28. Мәтінді оқыту әдістемесі.

Жоғары мектепте мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі. Мәтіннің негізгі белгілерін анықтаудағы негізгі ұстанымдар мен оларды студенттерге меңгерту әдістемесі. Мәтінді оқытуда фонетикамен, лексикамен, сөзжасаммен, морфологиямен, сөз тіркесі, сөйлеммен байланыстыру әдістері. Мәтінді құраушы тіл бірліктерінің мәтін құрылымындағы байланысу жолдары көрсету.

29. Орфографияны оқыту әдістемесі.

Орфографияны оқытудың ғылыми – практикалық маңызы, міндеттері, ұстанымдары. Орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда орфографиялық сөздіктерді қолдану әдістері. Жоғары мектепте пунктуация бойынша жұмыс жүргізудің маңызы мен міндеттері.

30. Қазақ тілін Интербелсенді оқыту әдістемесі.

Интербелсенді оқытуды жүзеге асырудың негізгі шарттары мен ережелері. Интербелсенді оқыту әдістері: «Миға шабуыл», «дөңгелек үстел» әдісі. Студенттердің сөздік қорын дамытуға арналған интербелсенді әдіс-тәсілдер.

«Әдебиет пәндерін оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары» пәні

1. Әдебиетті оқыту әдістемесі.

Әдістеме туралы түсінік. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екені. Әдебиет әдістемесі – қазақ әдебиетінің оқыту заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылым. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі әдебиеттану ғылымымен, тіл білімімен, тарих ғылымымен, психологиямен, педагогиканың теориясымен, таным теориясымен, эстетикамен тығыз байланысты.

2. Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктері. Поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі әңгімелерді, қарасөзбен жазылған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді. Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Әдеби шығармаларды талдауда оқушылардың өз пікірін, ойын, әсерін білу.

3. Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері мен бағыттары.

Әдеби шығармаларды сыныпта оқыту жолдары. Жоғары сыныптарда көлемді шығармаларды оқытудың үй жұмыстары арқылы жүзеге асуы.

4. Көркем шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, басты бағыттары.

Кіріспе жұмыстары. Кіріспе жұмыстары өтілгелі отырған тақырыпқа оқушыны қызықтыру, эмоцияларына әсер ету мақсатында жүргізу. Оны әңгімелеу, сол тақырыпқа байланысты қызықты қосымша материалдарды, көрнекіліктерді пайдалану арқылы немесе кинофрагменттерді көрсету, күйтабақ тындау т.б. жұмыстар негізінде ұйымдастыруға болады. Көркем туындыны оқыту. Көркем мәтінді талдау.

5. Сабақ үлгілері мен түрлері.

Дәстүрлі емес сабақ түрлері. Жаңа тақырыпты оқытуда, болжауда шешуші тұлға – мұғалім. Мұғалімнің әрбір әдісті алдын ала болжап, сабақ өту барысында жүйелі әрқайсысын өз орнына қою – оқу мәселелеріндегі ең маңызды кілт. Әдістерді таңдап алу – ең күрделі үрдіс.

7. Эпикалық шығармаларды оқыту.

Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері. «Абай жолы» эпопеясын оқытудың жолдары. Әңгіме жанрын оқыту және оны оқытуда қолданылатын тәсілдер. Мысал, ертегілерді оқыту. Батырлар жырын оқыту. Эпикалық шығармаларды оқытуда қолданылатын тәсіл, оқыту принциптері және өзіндік ерекшеліктер.

8. Лириканы оқыту.

Лирикалық шығармаларды орта мектепте оқыту жолдары. Лирикалық шығармаларды өтуде оқушылардың шығармашылық жұмыстары. Лирикалық шығармаларды көркемөнер туындыларымен байланыстыра өту тәсілдері.

9. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту жұмыстары.

Оқушыларды тіл мәдениетіне баулу. Ауызша тіл шеберлігіне баулу. Жазбаша тіл дамыту. Оқушыларды тіл мәдениетіне баулу арқылы сабақты өткізу, ұйымдастыру. Ауызша тіл шеберлігіне баулу және жазбаша тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

10. Драмалық шығармаларды оқыту.

Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі. Драмалық шығармаларды талдау әдістемелері. Драмалық шығармаларды оқытудың жолдары.

11. Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту.

5-8 сыныптарда суреткер өмірінен мәліметтер берудің тиімділігі. 9-11

сыныптарда ақын-жазушы өмірбаянын тарихи әдебиеттік ізбен берілуі. Хронологиялық кесте.

12. Шолу тақырыптарын оқыту.

Шолу тақырыптарын ұйымдастыру жолдары. Шолуларда ең алдымен тарихи-саяси мәселелер, қоғам дамуының жалпы сипаты беріледі, ары қарай мәдениет, әдебиет, өнерге олардың әсері сөз етіледі. Әдеби бағыттар, жанрлар, ағымдар туралы айта отырып, ақын-жазушылар шығармашылығы (сол кезеңдегі), олардың негізгі жетістіктері әңгімеленеді. Шолу тақырыбында қамтылатын материал ауқымы.

13. Оқушы білімін есепке алу мен бағалау. Үй тапсырмасын беру және бала білімін есепке алу жолдары. Үй тапсырмаларының түрлері. Бағалау нормативі, оған қойылатын талаптар. Сыныпта алған білімдерін бекіту. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар арқылы қабілеті, дарыны, талантын дамыту, оған әсер ету.

14. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту.

Әдеби теориялық ұғымдарды мектепте оқыту және жан-жақты мәліметтер беру.

15. Сыныптан тыс жұмыстар.

Сыныптан тыс оқулар. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты, маңызы міндетімен студенттерді таныстыру. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері жайлы мәліметтер беру. Сыныптан тыс оқуларға анықтама беру. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелерінде сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру.

16. Жоғары білім және әдебиет пәндері.

Жоғары оқу орындарында (ЖОО) жүргізілетін әдебиет пәндері негізінен әдебиет тарихы мен әдебиет теориясының мәселелерін оқу материалдары арқылы таныстыру. Әдебиет пәндерін оқытуда ұстанылатын әдіснамалар.

17. Әдеби әдіснамадағы қадым және жәдит оқулары.

Өткен ғасырлардағы оқу түрлері - қадым оқуы, жәдит оқуы. Ондағы әдеби мәтін мазмұны мен идеясы, ұстанған бағыттары, ұстаздарының білім деңгейі, дүниеге көзқарасы, мақсат-мұраттары. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас шенінде патшалық Ресейдің Волга (Еділ) бойы, Кавказ (Қойқап), Түркістан және Орта Азияның өзге де аймақтарында уақыт талабына сай жаңаша білім беретін мектептер пайда бола бастауы.

18. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ еліндегі жаңаша оқу-ағарту бағыты.

XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының оқу-ағарту ісі туралы толғаныстары. Ш.Уәлихановтың ой-пікірлері. Ы.Алтынсариннің мектебі мен оқу құралдары, түзілісі. А.Құнабаевтың оқу-білім жөніндегі пікір-талаптары.

19. Жоғары мектепке арналған әдебиет оқу бағдарламалары, түзушілері мен түзілісі.

ЖОО-да әдебиет пәндерін оқытудың методологиясы. Жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәндерінің оқу бағдарламалары. Қазақ әдебиеті тарихына қатысты пәндердің әр жылдарда шыққан оқу бағдарламалары, олардың жасалу тәртібі, алға қойған мақсат-мұраттары. Әдебиет пәндері бағдарламаларына негіз болған ресми құжаттар. Оқу бағдарламасын жасаушылардың білім-білік, іс-тәжірибелері. Оқу бағдарламаларының бөлімдері, тараулары, тақырыптары. Әр тақырыпқа берілген қысқаша нұсқаулар мазмұнының атқаратын рөлі.

20. Әдебиет пәндерінің жоғары мектептегі оқу құралдары, оқулық жазу ісі.

Оқулық жазу ісінің маңыздылығы, жауапкершілігі, оқулықтың тілі, ғылыми деңгейі. Оқу хрестоматияларын құрастырудың өзіндік ерекшеліктері, онда қамтылатын әдеби мәтіндердің көлем мөлшері. ЖОО-ға арналған әдебиет пәндері оқу құралдарын жазған, түзген белгілі әдіскер ұстаздар.

21. Жоғары мектептегі әдебиет дәрістерінің түзілісі, мәтіндері.

Дәрістердің түзілісі мен баяндалу ерекшеліктері. Дәріс дайындау – творчестволық процесс. Арнаулы курс түрлері мен дәрістерінің сипаты. Дәріс сабақтарында прозалық шығармаларды талдау. Дәрістерде келтірілетін дәйек-мысалдардың алатын орны. Драматургиялық мәтіндер табиғатын таныту.

22. Жоғары мектептегі семинар сабақтары, оған қойылатын талаптар, жүргізілу барысы.

Семинар сабақтары, оған қойылатын талаптар, жүргізілу барысы. Лабораториялық сабақтардың өзіндік ерекшеліктері. Студенттер атқаратын, жүзеге асыратын жұмыс түрлері. Әдебиет пәндері және курстық ғылыми жұмыстар, қорғалу сипаты.

23. Жоғары мектепте әдебиетті оқытудағы қазіргі жаңа технологияларды пайдалану тәсілдері.

Әдебиет пәндерін оқыту барысында әдістеменің бұрынғы қалыптасқан тәжірибелерін сақтай отырып, жаңаша тәсілдерді өмірге батыл енгізу. Телевизия, компьютер, интерактивті тақталар арқылы көркем әдебиет шығармаларын оқушыларға тиімді де жедел тәсілдер арқылы түсіндіру. Жаңа технологияларды пайдалана отырып жүргізілетін әдебиетті оқытудың түрлері: дамытпалы оқыту, проблемалы оқыту, модульдік оқыту, деңгейлік оқыту, компьютер арқылы әдеби мәтіндерді меңгерту технологиясы, оқытудың жобалау технологиясы, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту үлгілері, оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту мәселелері, шығарма жазуға төселдіру.

24. Жоғары мектептегі қазіргі педагогтік іс-тәжірибе (педпрактика).

Жоғары білім беретін оқу ордаларында өткізілетін педагогикалық тәжірибелер. Педагогикалық іс-тәжірибенің (практиканың) мақсат-міндеттері, өндірістік сипаты.

25. Жоғары мектепте әдебиет пәндерін оқыту әдістері және қазіргі методологиясы.

Көркем шығарманы түсіну, қабылдау мәдениетін қалыптастыру жолдары. Әдеби көркем шығарманы тегіне, жанрына, бағытына, стиліне қарай танып білудің маңызы. Сөз, сөйлем, ырғақ, әуенділік мәселелеріне көңіл бөлу қажеттігі. Эвристикалық оқу әдісі. Әдеби мәтінді терең түйсіну, игеру оны саралап талдау амалдары. Репродуктивтік оқу әдісі.

26. Жоғары мектептегі әдебиетті оқыту әдіснамасының өзге ғылым салаларымен байланысы.

Жоғары мектепке арнап қазақ әдебиеті пәндерін оқытудың әдіснамалары жөнінде оқулықтар, мұғалімдерге арнап көмекші құралдар жасаған аса көрнекті әдіскерлер. Әдебиет пәндерінің тарих, педагогика, психология, тіл білімі, риторика, әдебиеттану, география, экология тағы басқа да ғылымдармен байланысы.

27. Жоғары мектептегі қазіргі әдеби жазу жұмыстары, қажеттілігі, түрлері, бағалану өлшемдері.

Реферат, сыни эсселер жаздыру мәдениетін қалыптастыру жолдары. Ауызша және жазбаша әдеби тілін дамыту, жетілдірудің қажеттігі, маңыздылығын ұқтыру. I-II курстарда мазмұндама жаздыру амалдары, мазмұндама мәтіндерінің көлемі (сөз саны), жоспар түрлері және бағалану өлшемдері. III-IV курстарда әдеби шығарма жаздыру жолдары, шығарма түрлері, тақырыптары, жоспар үлгілері, көлемі және бағалану өлшемдері.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, Ғылым, 2002.
2. Салқынбай А. Б. Қазақ тіл білімі тарихы. Алматы, 2017
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 2005.
4. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Алматы, 2012
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 2003
6. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы.– Алматы, 2013.
7. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

8. Мәдібай Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2013.
9. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2012.
10. Бисенғалиев З. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы.- Алматы, 2010.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2, 3, 4 том. – Алматы, 2004.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 5, 6 том. – Алматы, 2005.
13. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана, 2013.
14. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2015.
15. Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдіснамасы. – Алматы, 2002.
16. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы, 1990.
17. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің тарихы. 10 Т.- Алматы, 2009.
18. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық-монография / Алматы, 2002.
19. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Оқулық / Алматы, 2001.
20. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері: оқу құралы / Алматы, 2011.
21. Ыбырайым Б. Сырлы әлем: Қазіргі қазақ балалар прозасы. Алматы, 2002.
22. Нұрғали Р. Драма өнері. - Алматы: Санат, 2001.
23. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. Алматы, 2009.
24. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана, 2004.
25. Есембеков Т.У. Көркем мәтінді талдау негіздері. -Алматы, 2009.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, Ғылым, 1997.
2. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы, Рауан, 1991.
3. Айдаров Ғ. Язык Орхон-Енисейских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алматы, Ғылым, 1971.
4. Айдаров Ғ. , Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, Ғылым, 1971.
5. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, Ғылым, 1988.
6. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, Ғылым, 1993.
7. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы, Ғылым, 1975.

8. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. – Алматы, Ғылым, 1986.
9. Наджиб Ә.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV в. М., Наука, 1989.
10. Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каган. Тоньюкук. – Семей, МКА, 2001.
11. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, Ғылым, 1988.
12. Тебегенов Т. Халық аңыздары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2016. – 332б.
13. Жармұхамедов М. Айтыс өнері. – Алматы: Жазушы, 2012. – 234 б.
14. Пірәлиева Г.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. –2004.
15. Әдеби өмір шежіресі. Алматы, Ана тілі, 2005.
16. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.
17. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. -Алматы: Жазушы, 1993
18. Серікқалиев З. Ақ жол. -Алматы: Жазушы, 1990
19. Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы. (Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы). –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2010.
20. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандануы бойынша магистрлердің жоғарғы оқу орнында педагогикалық іс-тәжірибе өткізуіне арналған ЖАДНАМА (Көккөзова М.Б., Дайрабаев Е.Б., Төлешова Ұ.). –Алматы: Қазақ университеті, 2002.
21. Педагогикалық практика (Әдістемелік нұсқауды құрастырғандар: М.Б.Көккөзова, Г.Қ.). –Алматы, 2000.
22. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. -Алматы: Қазақ университеті, 2005.
23. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. -Алматы: Қазақ университеті, 2008.
24. Елеукенова Г.Ш. Казахский художественный рассказ: филологический анализ. -Алматы, 2008.
25. Ергөбек Қ. Өлеңсөз. Қарасөз.Сарасөз. 3 кітап -Алматы, 2012.

СӨЗДІКТЕР

1. Библиографический словарь отечественных тюркологов. – М., Наука, 1974.
2. Древнетюркский словарь. – Л., Наука, 1969.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. – М., Наука, 1991.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Ғылым, 1971-86. 1-10 тт.

5. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, Ғылым, 1997.

6. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы, Ғылым, 1977.

7. Қазақ тілі сөздігі –Алматы, Ғылым, 2001.

8. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1997, 1998.

9. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1966.

10. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 1997.

11. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алматы, Ғылым, 1969.

12. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, Ғылым, 1974.

13. Салқынбай А.Б., Абақан Е.М. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. - Алматы, Сөздік-словарь, 1998.

14. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. - М., Наука, 1972.

15. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. –Алма-Ата, Наука, 1976.

16. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1998.

7. Емтихан билеттерінің сұрақтары бойынша жауаптарды сараптау шәкілі:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де докторантураға түсушілердің білімін бағалаудың жалпы ережесі білім алушылардың білімін бағалаудағы 100-балдық жүйе туралы Ережемен реттеледі.

Емтихан билетінің әрбір сұрағы бойынша жауаптар 100-балдық шәкіл бойынша бағаланады. Емтиханның қорытынды бағасы билеттің әрбір жауабы үшін алынған баллдан арифметикалық орта баллы алынады және келесі сызбамен бес баллдық шәкіл бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	

D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Емтихан жауабының 100-балдық шәкілі

Сараптау	Өлшемдер	Шәкіл, ұпайлар
A Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дұрыс және толық барлық қағидалы сұраққа және іргелі ғылыми негізді дайындықтың бағытында жауап береді. 2. Жүйелі түсінігі бар және саралау, сыни бағалау және күрделі айқындай алады. 3. Толық тәжірибелік тапсырма орындауы және тиімді жауап береді. 4. Түсуіші қазіргі ғылыми және тәжірибе мәселелерді тұжырымдай біледі. 	95-100
A- Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дұрыс және толық барлық қағидалы сұраққа және іргелі ғылыми негізді дайындықтың бағытында жауап береді. 2. Жүйелі түсінігі бар және саралау, сыни бағалау және күрделі айқындай алады. 3. Сауатты қисынды баяндайды. 4. Жауаптарды түсіну ойдағыдай еркін жеткізе алады. 	90-94
B+ Жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады. 	85-89
B Жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және 	80-84

	өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.	
В- Жақсы	1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.	75-79
С+ Қанағаттанарлық	1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.	70-74
С Қанағаттанарлық	1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.	65-69
С- Қанағаттанарлық	1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады. 3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.	60-64

D+ Қанағаттанарлық	1. Қағидалы сұрақтарда дөрекі қателерді жібереді. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс емес. 3. Дағды бар, бірақ аз кемшіліктермен.	55-59
D Қанағаттанарлық	1. Қағидалы сұрақтарда дөрекі қателерді жібереді. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс емес. 3. Дағды бар, бірақ аз кемшіліктермен.	50-54
F Қанағаттанарлықсыз	1. Қағидалы сұрақтарда дөрекі қателерді жібереді. 2. Тәжірибелік тапсырмаларды орындай алмаған епсіздігі байқалады.	0-49